

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халық-Life"

Қ а б ы л д а н д ы

«Халық-Life» АҚ Басқармасының
шешімімен

(2020 жылғы 16 наурыз отырыстың
№ 16 хаттамасы)

Б е к і т і л д і

«Халық-Life» АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2020 жылғы 19 наурыз Директорлар
кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру
жөніндегі № 12 хаттамасы)

«Халық-Еуразия» өмірді ерікті сақтандыру Қ А Ғ И Д А С Ы

Алматы қ. 2020

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ	Ошибка! Закладка не определена.
1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы	Ошибка! Закладка не определена.
2-тарау. Терминдер және қысқартулар	3
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	Ошибка! Закладка не определена.
3-тарау. Сақтандыру шартының мәні	Ошибка! Закладка не определена.
4-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі	Ошибка! Закладка не определена.
5-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.	Ошибка! Закладка не определена.
6-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі	5
7-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны	5
8-тарау. Сақтандыру жағдайы	5
9-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар.....	6
10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	Ошибка! Закладка не определена.
11-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының әрекеттері	7
12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттар тізімі және залалдардың мөлшері	8
13-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.....	Ошибка! Закладка не определена.
14-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер енгізу тәртібі, сақтандыру шартын тоқтату талаптары	Ошибка! Закладка не определена.
3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	Ошибка! Закладка не определена.
15-тарау. Қосымша талаптар	Ошибка! Закладка не определена.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы

1. Осы «Халық-Еуразия» өмірді ерікті сақтандыру қағидасы (бұдан әрі мәтін бойынша – Қағида) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және «Халық-Life» өмірді сақтандыру бойынша Қазақстан Халық Банкінің еншілес компаниясы» акционерлік қоғамымен (бұдан әрі мәтін бойынша - Сақтандырушы) «Халық-Еуразия» өмірді және жазатайым оқиғадан сақтандыру шартын (бұдан әрі мәтін бойынша – сақтандыру шарты) жасасу тәртібін айқындайды.
2. Осы Қағиданың көшірмесі Сақтанушының талабы бойынша сақтандыру шартын жасасу кезінде беріледі.

2-тарау. Терминдер және қысқартулар

3. Осы Қағидада келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:
 - 1) **Банк** – «Еуразиялық банк» АҚ;
 - 2) **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Егер басқасы сақтандыру шартында белгіленбесе, Пайда алушы Сақтанушы болып табылады, ал ол қайтыс болған жағдайда – оның заңды мұрагерлері;
 - 3) **Сақтандыру шарты** – оған сәйкес, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін келісім;
 - 4) **Сақтандырылушы** – сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша осы Қағиданың талаптарына сәйкес Сақтандырылушы болып табылады;
 - 5) **Мүгедектік** – ағза функциясының тұрақты бұзылуы бар денсаулықтың нашарлаған салдарынан тіршілік ету әрекетінің шектелу дәрежесі;
 - 6) **Жазатайым оқиға** – сақтандыру шарты әрекет еткен кезең ішінде орын алған, адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, сақтандырылушының денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне немесе қайтыс болуына алып келген, оның ағзасына сырттан механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер етуі нәтижесінде кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай). Жазатайым оқиғаларға кез келген түрдегі және нысандағы аурулар, кәсіптік сырқаттар жатпайды;
 - 7) **Сақтандырушы** – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
 - 8) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан, банктік қарыз шарты бойынша Банктің қарыз алушысы болып табылатын, сақтандыру мерзімі аяқталған кезде жас шамасы 75 жастан аспауы тиіс жеке тұлға;
 - 9) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен тұратын ақша сомасы;
 - 10) **Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде

сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

- 11) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы;
- 12) **Сақтандыру жағдайы** – басталған кезде, сақтандыру шартында сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

3-тарауы. Сақтандыру шартының мәні

4. Сақтандыру шартына сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті, ал Сақтандырушы - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүзеге асыруға міндетті.
5. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайының басталу салдарынан Сақтандырылушының өміріне және денсаулығына зиян келтірумен байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүлктік мүддесі сақтандыру нысаны болып табылады.

4-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

6. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда, Тараптармен сақтандыру шартын жасасу жолымен жасалады. Сақтандыру шартын электрондық нысанда жасауға болады.
7. Сақтандыру шартын жасасу үшін, сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Қағидамен танысуға және Сақтандырушыға Сақтандырушы бекіткен нысан бойынша сақтандыруға өтініш ұсынуға міндетті.
8. Сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру жөніндегі өтінішінде (немесе сақтандыру шартына байланысты Сақтандырушының жазбаша сауалына сәйкес тиісті құжатта) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын айқындау үшін маңызды мағынасы бар, оған мәлім болған барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
9. Маңызды деп, қандай жағдай болса да, сақтандыру тәуекелін бағалау барысында, сақтандыру жөніндегі өтініште немесе Сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу кезеңінде жіберген Сақтандырушының жазбаша сауалында көрсетілген сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және болжалды залалдардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін мән-жайлар танылады.
10. Сақтандыру шартындағы Сақтанушының (немесе оның уәкілетті тұлғасының) қолы Сақтанушының Қағидамен және сақтандыру шартының талаптарымен толық келісетіндігінің растамасы болып табылады.

5-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі

11. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.

6-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі

12. Егер сақтандыру шартында басқасы көзделмесе, Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен, сақтандыру шарты жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.
13. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – теңгеде жүзеге асырылады.
14. Қазақстан Республикасының резиденті еместерімен сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру сыйлықақысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді.
15. Сақтандырушының есеп-айырысу шотына сақтандыру сыйлықақысын аударуды немесе төлеуді жүзеге асыруға байланысты шығындар мен тәуекелдерді Сақтанушы төлейді.
16. Сақтандыру сыйлықақысы уақытылы төленбеген кезде, Сақтандырушы Сақтанушыдан мерзімі кешіктірілген әр күнтізбелік күн үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мөлшерде, уақытылы төленбеген сомадан тұрақсыздық төлемін төлеуді талап етуге құқылы.

7-тарау. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны

17. Сақтандыру шартында басқасы бекітілмесе, сақтандыру шарты сақтандыру шарты жасалған күннен кейінгі бірінші жұмыс күні күшіне енеді және сақтандыру шартында бекітілген мерзімнің соңына дейін әрекет етеді.
18. Сақтандыру арқылы қорғау (Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) сақтандыру шарты өз күшіне енген сәттен бастап әрекет етуді бастайды.
19. Сақтандыру арқылы қорғау Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан тыс жерде әрекет етеді.

8-тарау. Сақтандыру жағдайы

20. Сақтандыру шарты келесі сақтандыру жағдайларын қамтый алады:
 - 1) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде орын алған, жазатайым оқиғадан басқа себептермен, Сақтандырылушының қайтыс болуы;
 - 2) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде орын алған және басталған сәттен бастап алты ай ішінде Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым оқиға;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде орын алған және басталған сәттен бастап он екі ай ішінде Сақтандырылушыға I топ мүгедектіктің белгіленуіне алып келген жазатайым оқиға;
 - 4) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде орын алған және басталған сәттен бастап он екі ай ішінде Сақтандырылушыға II топ мүгедектіктің белгіленуіне алып келген жазатайым оқиға.
21. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға оның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуы тиіс.
22. Егер сақтандыру шартында басқасы көзделмесе, Қағиданың 20-тармағында көзделген Сақтандырылушымен орын алған сақтандыру жағдайы бойынша

сақтандыру төлемі, Қағиданың 20-тармағының 1-4)-тармақшасында көзделген, орын алған сақтандыру жағдайларының тек біреуі бойынша, оның қайсысы бірінші басталғанына қарай, Пайда алушыға жүзеге асырылуы мүмкін.

9-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

23. Егер сақтандыру шартында басқасы көзделмесе, егер оқиға сақтандыру шарты әрекет еткен кезең ішінде тікелей немесе жанама түрде келесілердің нәтижесінде орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:
- 1) Сақтандырылушының өзін-өзі мерт қылуы немесе өзін-өзі өлтірмек болғаны;
 - 2) АИТВ-инфекциясымен ауруы;
 - 3) қатерлі өскіннің пайда болуына байланысты аурулар;
 - 4) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексында көзделген мән-жайлардың басталуы.
24. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме келесілер болуы мүмкін:
- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру шартын жасасу барысында, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлауы;
 - 2) Сақтандырушыны сақтандыру шартында бекітілген мерзімде сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабардар етпеуі;
 - 3) Сақтандырылушы Қағиданың 20-тармағында көзделген оқиғалар басталған кезде, алкогольді, есірткі, токсикологиялық заттардан мас күйде болуы немесе басқалай мас болуы;
 - 4) эпидемияны, оның ішінде коронавирус жұпасын туындаған аурулары;
 - 5) бұрыннан беймәлім болған, зерттелмеген немесе аяғына дейін/жеткілікті түрде зерттелмеген аурулары (оның ішінде вирустық немесе бактериялық жұқпадан туындаған аурулардың жаңа түрлері мен штаммы);
 - 6) кепілдікті тегін медициналық көмек беру мөлшері аясында медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік маңызды аурулары.
25. Егер сақтандыру шартында басқасы көзделмесе, сақтандыру шарты III топ мүгедектіктің белгісі бар тұлғамен жасалуы мүмкін.

10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

26. Сақтанушы құқылы:
- 1) сақтандыру шартын мерзімнен бұрын бұзуға;
 - 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерін орындауды талап етуге;
 - 3) Сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін, сақтандыру талаптарын түсіндіруді талап етуге;
 - 4) сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

- 5) жоғалтып алған жағдайда, сақтандыру шартының телнұсқасын алуға.
27. Сақтанушы міндетті:
- 1) сақтандыру шартында бекітілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
 - 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің күй-жайы туралы ақпараттандыруға;
 - 3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталуы туралы, бірақ кез келген жағдайда, сақтандыру шартында бекітілген мерзімнен кешіктірмей, дереу хабарлауға;
 - 4) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға.
28. Сақтандырушы құқылы:
- 1) сақтандыру шартында бекітілген талаптарда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
 - 2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес міндеттемелерін орындауды талап етуге;
 - 3) сақтандыру жағдайы басталған мән-жайлар мен себептерді тексеруге.
29. Сақтандырушы міндетті:
- 1) Сақтанушыны Қағидамен таныстыруға және оның талабы бойынша Қағиданың көшірмесін ұсынуға (жіберуге), сонымен қатар сақтандыру шартынан туындайтын барлық сақтандыру талаптарын, Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру шартында бекітілген мөлшерде, тәртіпте, мерзімде және талаптарда сақтандыру төлемдерін жүргізуге;
 - 3) сақтандырудың құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 4) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларға Сақтанушыдан құжаттар қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға.
30. Осы Тарауда қарастырылған, тараптардың құқықтары мен міндеттері жеткілікті болып табылмайды. Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында тараптардың өзге құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

11-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының әрекеттері

31. Сақтанушы (Пайда алушы) оған сақтандыру жағдайының басталуы туралы белгілі болғаннан кейін, қалай болғанда да, сақтандыру шартында белгіленген мерзімнен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны дереу жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.
32. Бұл ретте, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайы, келтірілген залалдың түрі және мөлшері туралы қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

33. Егер Сақтанушыда (Пайда алушыда) дәлелді себептер бойынша Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаса, онда ол уақытылы хабарламаудың себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және бар болған жағдайда құжаттама түрінде дәлелдеуге міндетті. Бұл ретте, Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабарламауы немесе уақытылы хабардар етпеуі, Сақтанушының еркінен тыс себептермен шартталған және осы фактіні дәлелдейтін тиісті құжаттар ұсынылған жағдайда, онда бұл хабарламау немесе уақытылы хабардар етпеу жағдайы Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.
34. Сақтанушының еркінен тыс болған жағдайлар, атап айтқанда: еңсерілмейтін күштер жағдайы, яғни мұндай жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын жағдайлар (форс-мажор), оған қоса, бірақ олармен шектелмей: табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар және өзге жағдайлар, хабардар етпеуіне немесе уақытылы хабардар етпеуіне дәлелді себеп болады.

12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттар тізімі мен залалдардың мөлшері

35. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайына және оның себептеріне қатысты құжаттарды (түпнұсқалары немесе нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері) ұсынуға тиіс. Егер сақтандыру шартында басқасы белгіленбесе, онда сақтандыру жағдайының түріне байланысты Сақтанушы (Пайда алушы) келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) егер Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылса:

қайтыс болу туралы анықтамамен бірге, Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін;

егер Сақтандырылушының ауруы оның қайтыс болуының себебі болса, сырқатнамасынан үзінді көшірмені;

патологиялық анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысының нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін;

қарыз шарты бойынша негізгі борыш қалдығының мөлшері туралы Банктің анықтамасын (хатын);

Сақтандырушы сақтандыру жағдайына қатысты сұратқан өзге құжаттарды;

- 2) егер Сақтандырылушыға мүгедектіктің белгіленуі сақтандыру жағдайы болып табылса:

уәкілетті мемлекеттік орган берген, нотариалды түрде куәландырылған мүгедектіктің белгіленуі туралы анықтаманың көшірмесін;

егер Сақтандырылушыға мүгедектіктің белгіленуі себебі оның ауырғаны болса, сырқатнамасынан үзінді көшірмені;

қарыз шартының көшірмесін;

қарыз шарты бойынша негізгі борыш қалдығының мөлшері туралы Банктің анықтамасын (хатын);

Сақтандырушы сақтандыру жағдайына қатысты сұратқан өзге құжаттарды.

36. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспейтіндігін анықтаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл жайлы Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша хабарлауға тиіс.
37. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізсіз қорытындысына, мемлекеттік уәкілетті органның қызметкерлерімен мүгедектік туралы құжаттың және өзге құжаттардың заңсыз берілуіне шағым беруге құқылы.
38. Егер сақтандыру жағдайы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орын алса, онда сақтандыру жағдайының және оған байланысты оқиғалардың басталуы дерегін растайтын құжаттар заңмен бекітілген тәртіпте куәландырылуы тиіс.

13-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

39. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде, Пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған сәттегі қарыз шарты бойынша қарыздың қалдығына (негізгі борыштың қалдығына) тең мөлшерде бір жолғы сақтандыру төлемін жүргізеді.
40. Сақтандыру жағдайы басталған сәттегі қарыз шарты бойынша қарыз қалдығы (негізгі борыш қалдығы) нөлге тең болса, онда Сақтандырушы Пайда алушыға 1 АЕК (Сақтандырылушымен болған сақтандыру жағдайы басталған күні Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген бір айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде бір жолғы сақтандыру төлемін жүргізеді. Бұл ретте, орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында бекітілген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.
41. Сақтандырушы сақтандыру шартында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе жазбаша себептемелі бас тартуын ұсынады.
42. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Сақтандыру төлемінің ақшасын төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылса, төлем немесе ақша аудару бойынша шығындар Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

14-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер енгізу тәртібі, сақтандыру шартын тоқтату талаптары

43. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар Сақтанушымен Сақтандырушыға ұсынылған, сақтандыру шартына өзгертулер енгізу туралы өтініштің негізінде жүзеге асырылады.
44. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар, Сақтандырушының бұндай өзгертулерге және (немесе) толықтыруларға берген келісімімен, жазбаша нысанда енгізіледі.
45. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі өтінішті беріп, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.
46. Егер сақтандыру шартында басқасы белгіленбесе, Сақтанушының бастамасымен қарыз шарты бойынша банктік қарыз мерзімінен бұрын өтелгендіктен, сақтандыру шарты мерзімнен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы Тараптармен қол қойылған, сақтандыру шартын бұзу туралы келісімнің негізінде, сақтандыру

шартының бұзылуына байланысты Сақтандырушының шығындарын ұстап қалу арқылы, сонымен қатар сақтандыру шарты қолданыста болған тиісті уақыт аралығына тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін ұстап қалу арқылы сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтарады. Бұл ретте, сақтандыру шартының бұзылуына байланысты Сақтандырушының шығындары сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 55% құрайды. Осы тармақта көрсетілген негіз бойынша істі жүргізгені үшін Сақтандырушының шығындарын ұстап қалу арқылы сыйақының пайдаланылмаған бөлігінің қайтарылуы, Тараптар сақтандыру шартын бұзу туралы келісімге қол қойған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

47. Қарыз шарты жарамсыз деп танылған жағдайда немесе Сақтанушы қарызды алудан бас тартқандықтан қарыз шарты жасалған сәттен бастап бұзылған кезде, сақтандыру шарты жасалған күннен бастап бұзылады, бұл ретте Сақтандырушы жоғарыда айтылған мән-жайлардың басталуын растайтын құжаттарды алған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде сақтандыру сыйлықақысын толық мөлшерде, сақтандыру шартында көрсетілген деректерге қайтарады.
48. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 841-бабының 1-тармағында және Қағиданың 47 және 48 тармақтарында көрсетілген мән-жайлардан басқа жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе бұзылған кезде, Сақтанушымен Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтаруға жатпайды.
49. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негізі мен салдары Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексіне сәйкес айқындалады.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15-тарау. Қосымша талаптар

50. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарландырулар, түсініктемелер кейін олардың жіберілуін растауға болатындай тәсілмен орындалуы тиіс.
51. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе лайықты түрде орындамағаны үшін осы Қағидаға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.
52. Сақтандыру шартында басқасы көзделмесе, Қағиданың және сақтандыру шартының талаптары қайшы келген жағдайда, Қағида басым күшке ие болады.
53. Қағиданың негізінде, Сақтанушы мен сақтандырушының ортақ келісімі бойынша, Қағиданың бөлек ережелерін өзгертуді, алып тастауды, сонымен қатар сақтандыру шартын жасасу барысында айқындалған қосымша талаптарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
54. Қағида мен сақтандыру шарты бойынша реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
55. Сақтандыру шартын жасасқан тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөз арқылы шешіледі. Егер бұндай даулар келіссөз арқылы шешілмесе, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершіліктің орналасқан мекенжайы бойынша сот тәртібінде шешіледі.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгертулер енгізілген нәтижесінде осы Қағиданың бөлек ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, бұл ережелер Қағидаға тиісті өзгертулерді енгізусіз автоматты түрде өз күшін жоғалтады. Егер осы Қағиданың ережелерінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.
57. Осы Қағида қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Қағиданың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында айырмашылықтар болған жағдайда, Қағиданың орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.